Алғысым шексіз

Павлодар қаласындағы №3 қалалық ауруханаңың оңалту бөлімшесі меңгерушісі, бас дәрігері Ерғазинова Айман Тоқтағанқызына, осы ұжымда қызмет ететін барлық медицина мамандарына, басқа да қызметкерлеріне жауапты да қиын істерін шын көңілдерімен, жылы жүздерімен адал атқаратындықтарын ескере келе, айтар алғысым шексіз. Мен, ардагер ұстаз, зейнеткер Қоқышева Дәметкен, қараша айында №3 қалалық ауруханаңың оңалту болімшесіне қатты ауырып түстім. 10 күн жатып емделдім. Білікті, өз ісінің кәсіби шебері, осы бөлімшенің тәжірибелі меңгерушісі, бас дәрігер - Ерғазинова Айман Тоқтағанқызының дұрыс диагноз қоя біліп, емделушімен қарым-қатынастағы мәдениеттілік, дәрігер бойындағы адами қасиетті байқадым. Ұжымның әрбір маманының дұрыс емдей білу іскерлігінің арқасында, денсаулығым бірқалыпқа келіп, сауығып шықтым. Дәрігер Айман Тоқтағанқызы - өз ұжымының медицина мамандарын дұрыс таңдаумен бірге әр маманға дұрыс талап қоя білетін мықты, еңбекқор дәрігер. Осындай ұйымшыл да іскер ұжымның мамандарын атай кетсем: емшараны тамырға жасайтын медбикелер: Шалқыбаева П.Ш, Мұстафина Д.Т., ЛФК инструкторы Мұсабеков А.А., массажист Кононов В.В., физиотерапевт Лапардина И.Г. қолдары алтын. Өз мамандықтарының шеберлері. Тәулікпен қызмет істейтін палата медбикелері: Смағұлова Н.А., Садулаева К.З., Қайриденова А.Р., аға медбике - Кашимова Б.И., тағы басқа дәрігерлер, логопед, психолог, палата санитарлары, асхана, шаруашылық жағын атқаратын қызметкерлер, күні-түні дамылсыз, науқас адамдардың бабын тауып, оларға шын жүректерімен емдерін жасап, қамқорлықтарын аямай қызмет етеді. Жауапты істерін адал атқарып жүрген қайырымды жандарға көптен-көп рақмет демекпін. Оңалту бөлімшесі ұжымын, бөлімше меңгерушісі Ерғазинова Айман Тоқтағанқызын «Тәуелсіздік күні» мерекесімен құттықтай отырып, тағы да алғысымды айтамын. Ұжымның әр мүшесіне мықты денсаулық, ауыр да жауапты енбектерінің жемісті болуын, жанұяларына амандық тілеймін.

Құрметпен, шексіз алғыс білдіруші, зейнеткер ұстаз **ҚОҚЫШЕВА Д.Қ.**

(1376)

Азаматтарды қабылдау өткізіледі

2018 жылғы 13 желтоқсанда, сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін, Павлодар қаласы, Ак. Сәтбаев, 136-үй, 4-қабат мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаментімен коммуналдық саланың мәселелері бойынша, оның ішінде электр, жылу және сумен жабдықтау бойынша реттелетін қызметтерді беру сұрақтары бойынша азаматтарды қабылдау өткізіледі.

Анықтама телефоны: 8 (7182) 61-60-05. (20373)

Хабарландыру

«ЕЭК» АҚ 2018 жылғы 19 желтоқсан сағат 11.00-де Ақсу қаласы «ЕЭК» АҚ мекенжайы бойынша орналасқан «ЕЭК» АҚ бас кеңсесінде өтетін Павлодар облысы, Ақсу қ., «ЕЭК»АҚ мекенжайы бойынша орналасқан дүкен-аялдаманы жалға беруге конкурс жариялайды.

Конкурстың шарттарымен 8 (718 37) 9 99 35, 8 (718 37) 9 97 72 телефондары, Petr.Pissegov@erg.kz, nadezhda.gembukh@erg.kz электронды пошталары арқылы танысуға болады. (20371)

Ас беріледі

Желтоқсан айының 23-і күні сағат 11.00-де Паволдар қаласы, «Жеті ағайын» мешітінің асханасында **Мундуинова Күлбаршын Қабышқызының** өмірден озғанына бір жыл толуына байланысты ас беріледі.

Еске алуышалар: **туыстары, балалары.**

(1404)

Еске алу

Шакар Досымқызы Байжұманова-Ибраеваны еске аламыз

Біз, әпкем Шакар екеуіміз, өнердегі еңбегі мен кеңпейіл азаматтығы елімізге кеңінен танымал болған бәйтеректей әкеміз Досымның жолын өзімізге жұғысты етуге тырыстық. Жас күнімізден адалдық пен жақсылыққа, білім мен өнерге ұмтылып өстік. Әрине, менің өмірлік жолда жетілуіме әпкем Шакардың қолғабысы мен өнегесі мол еді. Ол педагогикалық білім алып, ағартушылық саласында ұлағаты зор, тәлімі мол еңбек етті. Кәсіби жұмысымен қатар қоғамдық істерде де белсенді болды, өнерде де қалыс қалып көрмеді. Шәкірттерін өз баласындай аялап, олардың азамат ретінде қалыптасуына бар тәжірибесін салды. Өкінішке қарай, Шакар апайым осыдан жарты жыл бұрын дүниеден озып, мәңгілік мекенді бетке алып кете барды. Егер тірі болғанда, бүгіндері 80 жасқа толған мерейін ағайын-туыстарымен, жолдас-жорасымен, әулетімізден тараған, біте қайнасып, уыздай ұйыған ұрпақтармен бірге отырып атап өтер едік-ау...

«Қанатты түсінеміз қайырылғанда,
Жақынды түсінеміз айырылғанда...», - дегендей, әулеттің шырайын келтіріп, ұрпақтың ақылшысы болған апайымның қадір-қасиетін енді әр сәт еске түсіріп, көңілді қаяу торлап, көкірекке мұң ұялатамыз. Туған күнінде, 80-ге толар мерейлі жасында сағынышпен еске ала отырып, жатқан жері жарық, топырағы торқа, жаны жаннатта, тәні рахатта болсын деп дұға етеміз.

Тірі тұрсаң, сексен жасқа толар ең,
Тілек айтып жатушы еді тәмам ел.
Амал қанша... Жәннат бағын тілейміз,
Ұрпақтарың жасай берсін Ана дер!

Еске алушылар: **сіңлісі Дәметкен және балалары.**

Құттықтаймыз!

Құрметті ағамыз **Серғазинов Төлегенді** туған күнімен құттықтаймыз! Жасқа жас қосыла берсін, денсаулық пен бақыт сізден айырылмасын.

Тілек білдірушілер: **Амангелді-Алтын Сәрсембиновтер; Аманбол-Қайынжамал.**

(1378)

Әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журнал
Литературно-художественный, общественно-политический журнал

Найзатас

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Еліміздің әдеби-мәдени кеңістігінен өзіндік орнын тапқан Павлодар облыстық «Найзатас» әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журналына 2019 жылға жазылу жүріп жатыр. Екі тілде жарық көретін журналдың мазмұндық һәм көркемдік сапасы Сізді бейжай қалдырмайды! Жазылымды еліміздің қай түкпірінде болмасын «Қазпошта» АҚ-ның кез келген бөлімшесінде рәсімдеуге болады.

6 АЙҒА ЖАЗЫЛУ
қала - 3384,90 теңге, ауыл – 3397,80 теңге;
1 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ
қала - 6769,80 теңге, ауыл – 6795,60 теңге.

Баспа индексі - 67276

БІЗБЕН БІРГЕ БОЛЫҢЫЗ!

Құрметті оқырмандар!

2019 жылға арналған «Звезда Прииртышья» қоғамдық-саяси, ақпараттық-жарнамалық газетіне жазылу жалғасуда

Жазылу мерзімі	«Қазпошта» АҚ-ның бөлімшесі арқылы жазылу		«Alash Press» ЖШС-нің бөлімшелері арқылы жазылу	Редакцияда ресімделу және алу мен жазылу
	Индексі 55440		Павлодар қ.	Павлодар қ.
	қала	ауыл		
6 ай (аптасына үш нөмір)	4868,20 теңге	5186,40 теңге	4865 теңге	3810 теңге
12 ай (аптасына үш нөмір)	9736,40 теңге	10372,80 теңге	9730 теңге	7620 теңге
	Индексі 25440			3144 теңге
	қала	ауыл		
12 ай (бейсенбілік нөмір)	4040,70 теңге	4251,40 теңге	4035 теңге	

Біздің газетімізге жазылуды үйге немесе жұмыс орнына дейін жеткізілумен кез келген пошта бөлімшесінде, пошта қызметкері арқылы немесе Павлодар қ-сы, Ак.Сәтбаев к-сі, 50 (тел. 32-40-37) мекенжайы бойынша орналасқан «Қазпошта» ғимаратында, Ак.Марғұлан к-сі, 142-23 мекенжайы бойынша орналасқан «Alash Press» ЖШС-де (тел. 61-63-18) жазыла аласыз. Одан басқа, баламалы жазылу арқылы Астана к-сі, 143 мекенжайы бойынша ресімдеп, тікелей редакциядан алуға болады.

Мекемелер мен ұйымдардың назарына! Біздің кез келген басылымға 50 данадан кем емес жазылған жағдайда кәсіпорынға дейін жеткізумен ұжымдық баламалы жазылуды ұсынамыз тел. 8 (718 2) 66-15-41.

66-15-40 ЖАРНАМА 66-15-42

ШҰҒЫЛ! Облыстық «ERTIS» телеарнасына жарнама менеджері қажет.

Мекенжайы: Павлодар қ-сы Сұрағанов көшесі, 21
тел. 33-89-93, 33-86-33

Куәлік №5407-Э от 09.09.2004г. Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен берілген.

Құрметті жарнама берушілер!

Облыстық «ERTIS» телеарнасында жүгіртпе жолмен берілетін хабарландыруларға ең төмен бағалар жылдың соңына дейін сақталады.
Жеке тұлғалар үшін 1 сөздің бағасы - 80 теңге,
Заңды тұлғалар үшін - 100 теңге.
Бонустар жүйесі бар.
Мекенжайы: Павлодар қ-сы Сұрағанов көшесі, 21
тел. 33-89-93, 33-86-33

Куәлік №5407-Э от 09.09.2004г. Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен берілген.

2018 жылғы 11 қарашада «Сарыарқа самалы» облыстық газетінің №142 (15313) сейсенбілік санының 11 бетінде жарияланған бірлескен қаулы және шешім келесі тармақтармен толтырылу қажет:

3) Шарбақты ауданы бойынша:

Алексеевка ауылдық округі таратылсын, Алексеевка ауылы мен Құрқамыс станциясының аумағы Александровка ауылдық округінің құрамына қосылсын, Назаровка ауылының аумағы Шарбақты ауылдық округінің құрамына қосылсын;

Чигиринов ауылдық округі таратылсын, Чигириновка ауылының аумағы Галкин ауылдық округінің құрамына қосылсын, Есілбай ауылының аумағы Шалдай ауылдық округінің құрамына қосылсын;

Хмельницкий ауылдық округі таратылсын, оның аумағы Жылы-Бұлақ ауылдық округінің құрамына қосылсын, Хмельницкий ауылы ауылдық округтің орталығы деп анықталсын;

Красиловка ауылдық округі таратылсын, оның аумағы Сосновка ауылдық округінің құрамына қосылсын.

(20372)

САРЫАРҚА САМАЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ
«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы)
«Ертіс Медиа» ЖШС, «Сарыарқа самалы» облыстық газеті

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 30.09.2014 ж. №14562-Г куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығымен марапатталды.

ЖШС директоры Асқар ШӨМШЕКОВ

Бас редактор Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30
ЖШС-нің мекенжайы: Павлодар қаласы, Қ.Сұрағанов көшесі, 21-үй.
Редакцияның мекенжайы. 140000, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Теле/факс 66-15-30

Газеттің электронды поштасы: **ssamaly29@gmail.com.**
Бас редактордың орынбасары 66-14-61.
Жауапты хатшы 65-12-74.
Әлеуметтік бөлім 66-14-63, 66-15-31, 66-15-32.
Экономика, саясат 66-14-64, 66-15-28, 66-14-65.
«Айналайын» 66-14-63.
«Жас times» - 66-15-32.

Жарнама бөлімі: s_samaly_reklama@mail.ru 66-15-42, 66-15-40.
Маркетинг және тарату бөлімі 66-15-41.
Фототілші, корректорлар - 65-12-74.

Газеттің нөмірі «Сарыарқа самалының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына үш рет шығады, апталық таралымы 14485 дана, бүгінгі көлемі 5 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны. 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 2672

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.
Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Сарыарқа самалында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.